

# Таяу шығыс пен Орталық Азия елдерінің COVID-19 пандемиясымен күресі 2020 жылғы сәуір

## 1. Ауыртпалықтар

- **Таяу Шығыс пен Орталық Азия аймағы ірі және күшейіп келе жатқан екі күйзеліске тап болды.** Адамдардың денсаулығына тиген жойқын салдарды қоса алғанда, COVID-19 пандемиясы және мұнай бағасының күрт құлдырауының нәтижесінде өңірдегі сұраныс пен ұсыныстың бір мезгілде төмендеуі экономикалық күйзеліс тудыруда. Таяу шығыс пен Орталық Азия өңіріндегі елдердің барлығы дерлік COVID-19 ауруының расталған жағдайлары туралы хабарлады, ал мұнай бағасы жылдың басынан 50 пайыздан артық төмендеді.
- **Бұл пандемия жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін өнеркәсіп салалары мен кәсіпорындарына ықпалын тигізетін елеулі сауда іркілістері мен шығындарына алып келді.** Ірі экономикалар мен негізгі сауда серіктестерінің тежеу шаралары сыртқы нарықтағы сұранысты едәуір төмендетті. Осыған байланысты бүкіл әлем бойынша өсу қарқынының баяулауы өңірдегі ғаламдық қосылған құн тізбектеріне, сондай-ақ жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін бай бөлшек сауда және өндірістік секторларға, шағын және орта бизнеске (ШОБ) әсерін тигізді. Сонымен қатар, аймақтағы үкіметтердің енгізген шектеулері мен ауруды жұқтыруға қатысты қорқыныш тұтынушылық сұранысты, әсіресе туризм, қонақ үй бизнесі және бөлшек сауда саласындағы тұтынушылар сұранысын әлсіретеді. Әлдедегі қаржылық жағдайдың күрт ауырлауы өз кезегінде өңірге қосымша проблема тудыруда.
- **Оның әсері ұзақ уақытқа созылуы мүмкін.** Дағдарыстың тереңдігі мен ұзақтығына қатысты болжам жасау қиын болғанымен, бұл пандемия өңірдегі жұмыссыздық мәселесін қиындата түседі және бірқатар елдің онсыз да көп мемлекеттік және сыртқы борыштарын одан да көбейтеді.

## 2. Елдердің қолданған шаралары

- **Аймақтағы елдер бұл дағдарысқа қарсы жылдам шара қолданды.** Олар адам өмірін қорғау, вирустың таралуын тоқтату және қатты зардап шеккен секторларға қолдау көрсету бойынша іс-шаралар жүргізуде. Барлық елдерде жедел жәрдем қызметтеріне қолдау көрсету және денсаулық сақтау инфрақұрылымын нығайту мақсатындағы шығыстар ұлғайғанымен, денсаулық сақтауға қатысты қолданылған шаралар дайындық күйіне және шығыстардың ағымдағы деңгейлеріне байланысты әртүрлі болып табылады.
- **Бюджеттік шаралардың мөлшері әр елдің саяси маневр жасау кеңістігіне байланысты әртүрлі болды.** Көптеген елдер орташа мөлшері ЖІӨ-нің 3,8 пайызын құрайтын кіріс және шығыс шараларынан тұратын бюджеттік көмек пакеттерін енгізгенін мәлімдеді.
- **Орталық банктер де дереу көмек көрсетті.** Өтімділікті қолдау шаралары жеті елде жарияланды, олардың орташа көрсеткіші ЖІӨ-нің 3,4 пайызын құрайды. Ақша-несие саясаты барлық өңірде жеңілдетілді, ал валюта бағамы қажет болған жерлерде буфер ретінде қолданылды.

## 3. Перспективалар мен осалдықтар

- **Экономикаға тигізетін ықпалы айтарлықтай болады және өңірдің бюджеті 2020 жылы орта есеппен 3,1 пайызға қысқарады.** Елдердің көбінде өсу қарқыны бір жыл ішінде кемінде 4 пайыздық пунктке дейін төмендеген, бұл өңірдегі жалпы өндіріс көлемінен 425 млрд. АҚШ

долларын алып тастаумен бірдей. Бұл өзгерістер барлық елдер үшін 2008 жылғы әлемдік қаржы дағдарысы мен 2015 жылғы мұнай бағасының шоғыры кезінде байқалғандардан жоғары болып табылады.

- **Бұл әсіресе тұрақсыз және жанжалдардан зардап шеккен елдерге ауыр соққы болады деп күтілуде.** Денсаулық сақтау инфрақұрылымының әлсіз болуын және пандемияның тез таралуына ықпал ететін тұрмыс жағдайларын ескере отырып, экономикалық құлдыраудың нәтижесінде осы елдердегі гуманитарлық және босқындар мәселесі өрши түседі деген болжам жасалуда.
- **Сыртқы және бюджеттік баланстар стрестік жағдайға тап болды.** Мұнай экспорттаушы елдер әлемдік сұраныс пен мұнай бағасының төмендеуінен тиген екі соққыны бастан кешіруде, бұл ретте бүкіл өңір бойынша мұнай экспорты 250 миллиард АҚШ долларынан астам қысқарады деп күтілуде. Нәтижесінде бюджет сальдосы теріс болып, көптеген елдерде ЖІӨ-нің 10 пайызынан асуы ықтимал. Ақша аударымдарының айтарлықтай қысқаруы және мұнай экспорттаушы елдерден инвестициялар мен капиталдың ағыны мұнай импорттаушы елдердің экономикасына кері әсерін тигізеді. Олардың салық түсімдерінің баяу өсуі және шығыстарының ұлғаюына байланысты бюджет тапшылығының айтарлықтай ұлғаюы Таяу Шығыс, Солтүстік Африка, Ауғанстан және Пәкістан (ТШСААП) елдерінде мемлекеттік борыштың ЖІӨ-нің 95 пайызына дейін ұлғаюына әкеледі.
- **Жаһандық үрдістерге сәйкес осалдықтар көбейе түсуде.** Алдағы өтелуі қажет үлкен борыш ағымдағы нарықтық жағдайларда қаржылық тәуекелдер тудырады. Мемлекеттік борыштың жоғары деңгейі қосымша шаралар қабылдау үшін қажет болатын бюджеттік кеңістікті шектеуі мүмкін.

#### 4. Саясаттың басты мәселелері

- **Бұл жерде ең басты мәселе — адамдардың өмірін сақтау.** Денсаулық сақтауға қатысты негізгі шығыстар фискалдық кеңістікке қарамастан қамтамасыз етілуі тиіс. Кеңістік құру маңыздылық дәрежесі төменірек шығыстарды кейінге қалдыру қажет. Сыртқы қаржыландыру мен донорлық қолдау қажет болуы мүмкін.
- **Саясаттар өсудің қозғаушы күштерін қорғап, олардың үй шаруашылығына, қатты зардап шеккен секторларға, шағын және орта бизнеске тигізетін ықпалын жеңілдетуі тиіс.** Бюджеттік саясат тиісті деңгейдегі әлеуметтік қорғаныс желілерін, сондай-ақ уақытша және мақсатты салықтық жеңілдіктерді, субсидиялар мен аударымдарды қамтамасыз етуі қажет. Ақша-кредит және қаржылық саясаттар қаржылық тұрақтылықты сақтай отырып, өтімділік бойынша қажеттіліктерді қанағаттандыруы керек.
- **Болашаққа қатысты болжам жасайтын болсақ, ондағы мақсат экономиканы тұрақты өсу траекториясына шығару болып табылады.** Ол үшін, саясатта маневр жасауға кеңістік бар болғанда, кең ауқымды бюджеттік және ақшалай қолдау көрсету арқылы сенімді қайтару, ал бұл кеңістік шектеулі болған жағдайда сыртқы көмекке жүгіну қажет болады. Қолдау шараларын экономикалық қалпына келтіру толық жүргенде ғана өрістетіп, және протекционистік саясаттан аулақ болу керек.

#### 5. ХВҚ рөлі

- **ХВҚ төтенше көмекке қатысты бұрын-соңды болмаған сұранысқа жауап беруде.** Бүгінгі күні ХВҚ-ға қаржыландыру туралы 12 өтініш келіп түсті. Қырғыз Республикасы жылдам қаржыландыру құралын/жылдам несиелендіру механизмін бірінші болып қолданды, содан

кейін ол Туниске де таралған. Иорданияның ХВҚ қолдауымен әзірленген жаңа бағдарламасы денсаулық сақтауға арналған маңызды шығындар үшін кеңістік жасады. Марокко қазіргі дағдарысқа байланысты туындайтын қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында өзінің сақтық және өтімділік желісін (PLL) пайдалануда.

- **Таяу шығыс пен Орталық Азия өңірі мүше елдермен тығыз әрекеттесуде.** Тез дамып келе жатқан күйзелістерді үкіметпен талқылау мақсатында бірнеше аймақтық телеконференция ұйымдастырылды. Қызметкерлер тұрақты екіжақты қарым-қатынастар және қор саясаты мен озық тәжірибе саласындағы бастамаларды тарату шеңберінде консультативтік көмек көрсетуде.
- **Біз өз қызметімізді халықаралық қаржы ұйымдарымен, көпжақты даму банктерімен, аймақтық даму банктерімен және донорлармен тығыз үйлестіруді жалғастырамыз.** Бүгін Таяу шығыс пен Орталық Азия өңірінде ХВҚ қызметкерлері Дүниежүзілік банк, Азия даму банкі және Еуропалық қайта құру және даму банкіндегі әріптестерімен тығыз ынтымақтастық жасайды, сондай-ақ саяси консультацияларды жұмылдыру, қаржылық көмек, донорлық қолдау және қарыз ауыртпалығын жеңілдету мәселелері бойынша аймақтық органдармен, соның ішінде AMF, AFSED және CAREC қорларымен жұмыс атқаруда.

<b>КОА – Негізгі көрсеткіштер</b>			
	2019	2020	2021
<b>ЖІӨ нақты өсімі (өзгеріс пайызы)</b>			
<b>КОА</b>	<b>4.8</b>	<b>-1.0</b>	<b>4.7</b>
Мұнай экспорттаушылар	4.6	-0.8	
Мұнай импорттаушылар	6.2	-2.2	5.0
<b>Мұнайды қоспағандағы ЖІӨ нақты өсімі (өзгеріс пайызы)</b>			
КОА мұнай экспорттаушылары	5.3	-1.1	3.4
<b>Бюджет балансы (ЖІӨ пайызы)</b>			
<b>КОА</b>	<b>0.6</b>	<b>-5.6</b>	<b>-3.1</b>
Мұнай экспорттаушылар	0.8	-5.4	-3.0
Мұнай импорттаушылар	-1.4	-7.0	-3.7
<b>Мұнайды қоспағандағы бюджет балансы (мұнайды қоспағандағы ЖІӨ пайызы)</b>			
КОА мұнай экспорттаушылары	-12.3	-15.5	-12.9
<b>Қазіргі есеп (ЖІӨ пайызы)</b>			
<b>КОА</b>	<b>-1.6</b>	<b>-7.2</b>	<b>-5.0</b>
Мұнай экспорттаушылар	-1.0	-6.7	-4.6
Мұнай импорттаушылар	-6.4	-10.5	-7.3